



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

8D03102 – Мәдениеттану

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	Мәдениеттану саласында фундаменталды білімі бар PhD философия докторларын, білікті мамандар, тұрақты кәсіби өсуге дайын мамандарды, әлемдік білім беру жүйесіне интеграцияға қол жеткізуді тиімді жүзеге асыруға даярлау.
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ АЙМАҒЫ	Қоғам мен әлеуметтік институттардың әртүрлі салаларында көрінетін мәдениет динамикасын ғылыми зерттеу, мемлекеттік билік жүйесіндегі мәдениетті басқару органдарының қызметін қамтамасыз ету, жас ұрпақтың мәдени және тәрбиелік потенциалын арттыру.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 - ғылыми абстракциялар мен формалды-логикалық ойлау, мәдениетаралық дискурстардағы проблемалық салалар мен қарама-қайшылықтарды анықтау және дағдыларын қолданып, қазіргі мәдениеттанудың теориялық құралдарының функционалдығын көрсетеді;

ОН2 - әлеуметтік-мәдени үдерістердің қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани даму ерекшеліктерімен өзара байланысына талдау жасау; сараптамалық-талдау қызметінің оңтайлы стратегияларын айқындау және техникаларын өзін-өзі жетілдіру;

ОН3 – сараптамалық-талдау қызметінің заманауи әдіснамасына бейімдеу, басқа гуманитарлық ғылымдар әдістерін, мәдениетаралық қатынастар теориясы мен практикасын зерттеудің ғылыми міндеттерінің қажеттілігіне бейімдейді;

ОН4 - мәдениеттану мәселелерінің мәнін көрсетіп, оларды шешу үшін эвристикалық идеялар ұсына алады;

қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени шындықтарды жақсарту бойынша әлеуметтік-гуманитарлық идеяларды арттыруға, дағдыларын түсіндіреді;

ОН5 Аналитикалық және сараптамалық міндеттерді шешу жолдары мен мақсаттарын қою үшін әлеуметтік-мәдени процестер туралы ақпаратты синтездейді; мәдениетаралық қатынастардағы жанжалды жағдайларды шешудің оңтайлы жолдары мен тәсілдерін таңдауды жоспарлайды;

ОН6 – қазіргі отандық және әлемдік мәдениеттану генезисінің негізгі үрдістерін, қайшылықтарын және өзекті бағыттарын талдау жасау; қазіргі Қазақстанның және басқа елдердің әлеуметтік-мәдени дамуының негізгі мәселелерін талдау арқылы ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру;

ОН7 -мәдени оқиғалардың, құбылыстар мен процестердің сипаттамаларын құрудың логикалық тәсілдері мен теориялық анықтамалары негізінде өзінің аксиологиялық және дүниетанымдық ұстанымын ғылыми дәлелдеудің практикалық дағдыларында қолдану; академиялық мәтінді ұсыну;

ОН8 – академиялық мәтіндерді жазу дағдыларын көрсету; әлеуметтік-гуманитарлық жағдайларда оңтайлы формальды-логикалық аппаратты таңдау үшін мәдениетті ғылыми талдау негіздерін, мәдениеттану мен болжаудың

теориялық және қолданбалы негізгі әдістерін біріктіреді.